

*¹Бижанова А.Е.  ²Калменов М.Д. 

^{1,2}Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал, Қазақстан

E-mail:¹aalyika@mail.ru,²kalmenoff@mail.ru

ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН АДАМҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ РӘСІМДЕРІ (ОРТА АЗИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақала Амударияның төменгі ағысын (қазіргі Қарақалпақстан Республикасының аумағы) мекендеген қазақтардың марқұмды дәстүрлі еске алу рәсімдерін зерттеуге арналған. Зерттеу дереккөзі ретінде Қарақалпақстан Республикасының Қоңырат, Хожелі, Шоманай, Нөкіс аудандарында жүргізілген этнографиялық экспедиция материалдары және осы тақырыпқа арналған ғылыми деректер пайдаланылды. Авторлар бұндай рәсімдердің Қазақстан қазақтарының дәстүрлерімен салыстырмалы түрде талдау жасайды. Сонымен бірге, марқұмды еске алу дәстүрі соңғы 200 жыл ішінде қоғамның түбегейлі өзгеріске ұшырауына байланысты қалай өзгергеніне назар аударады. Мақаланың қорытындылары мақұмды жерлеу және оны еске алу рәсімдеріне байланысты этнографиялық деректерге сүйене отырып дәлелденеді. Жаһандық мәдени өзгерістерге қарамастан, марқұмды еске алу дәстүрі әр өңірлерді мекендеген қазақ халқының мәдениетінде тұрақты сақталған салттардың бірі екендігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: Қарақалпақстан, Қазақстан, қазақтар, жерлеу және еске алу рәсімдері, ас беру, Құран.

Кіріспе

Қайтыс болған адамды жерлеу рәсімі тек жақын туыстарының ғана міндеті болмай, сонымен бірге ол адамға құрмет көрсету болып табылады. Марқұммен соңғы сапарға шығарып салу кезінде қазаққа тән қасиеттер – отбасылық сезім және мейірімділік ерекше байқалады. Марқұмды соңғы сапарға лайықты шығарып салу – бүкіл ру және марқұмның жағын – таныстарының, онының отбасы үшін қайғымен қатар, ұйымшылдық пен ұйымдастырудың маңызды сынағы. Жаназаның шығынын бөлісу, қонақты қарсы алу, бүкіл отбасымен қайғыру – жоғары тектіліктің белгісі. Амудария өзенінің төменгі ағысын (қазіргі Қарақалпақстан Республикасының аумағы) мекендеген қазақтардың марқұмды дәстүрлі еске алу рәсімдерін зерттеу мақсатында 2000-2022 жылдар аралағында авторлар трапынан бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Далалық зерттеу жұмыстары барысында тақырып бойынша ақпарат берушілерден сұхбат алу, жергілікті ортадағы ауызша деректерді жинау және жазу, жеке қорлардағы, жергілікті мұрағаттар мен кітапханалардағы мәліметтер, жергілікті этнографиялық деректер мен құжаттарды анықтау және көшіру жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Қарақалпақстанның Қоңырат, Шоманай, Тақиятас, Хожелі және Нөкіс аудандарында жүргізілді. Сонымен бірге Хожелі қаласына жақын орналасқан Миздахан (Мазлұмхан Сұлу) кешенінде, Қоңырат қаласы маңындағы Дәуіт-ата қорымында орналасқан XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына жататын қазақ ұлтына тиісті жерлеу орындары білгіленді.

Зерттеу жұмыстарының материалдары мен әдістері. Қарақалпақстан Республикасының аумағында әр жылдары жүргізілген экспедиция барысында ақпарат берушілерден сұхбаттар жазылып, зерттеліп, суретке түсіріліп, жинақталды. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, тарихи-салыстырмалы және салыстырмалы-типологиялық әдістер құрайды: 1) Материалдар жинағы; 2) Мәліметтерді өңдеу; 3) Жиналған мәліметтерге

түсініктеме беру; 4) Далалық зерттеулер барысында жиналған материалдарды басқа да рәсім дәстүрлермен салыстыра зерттеу.

Талқылау

Қазақ халқының, сонымен бірге, көршілес халықтар – қарақалпақтардың, өзбектердің, түрікмендердің және т.б. дәстүрінде марқұмды еске алу – о дүниелік болған адамды құрметтеп, оның туыстары мен ауылдастары тарапынан қадірлеудің ең көне рәсімдерінің бірі. Тарих ғылымында қазақтардың жоңғар шапқыншылығына дейін-ақ Қазақ хандығының құрамында қарақалпақтармен бірге мекендегені белгілі. Бұл дерек қазақтардың Амударияның төменгі ағысында ерте заманнан қоныстанғанын дәлелдейді. Жоңғар шапқыншылығы басталған кезінде – қазақтардың қазіргі Қарақалпақстан аумағына алғашқы көшіп келу кезеңі ретінде сипатталады. Бұл туралы жергілікті тұрғындардан жиналған этнографиялық деректер де куәлік етеді. Онда олардың ата-бабалары XVII ғасырдан бастап осы өңірде қарақалпақтармен тығыз байланыста өмір сүргені баяндалады.

Зерттеуші Б.Бекетов қазақтардың Қарақалпақстанға қоныстануы осы кезеңмен тығыз байланысты екенін, сондай-ақ қазақтардың Хорезмге жаппай қоныс аударуына себептердің бірі ретінде жоңғарлардың Сырдария мен Амудария сағаларын жаулап алуын көрсетеді (Бекетов, 1992: 128).

Қазақтардың Хиуа хандығы жеріне көшіп келуінің және бір себебі – патшалық Ресейдің отарлау саясаты еді. Кенесары ханның Ресей отарлығына қарсы көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Хиуа хандығының шекаралық аймақтарына қоныс аударды. Мысалы, көтеріліс басшыларының бірі Есет Көтібарұлы Адай руының өкілдерімен бірге Хиуа шекарасына, одан әрі хандыққа көшіп барған. Осылайша, Амударияның төменгі бойына және Каспий теңізінің шығыс жағына көшкен қазақтар Хиуа хандығының билігіне өтті. Белгілі ғалым У.Х.Шәлекенов архив материалдарына сүйене отырып: «1827 жылы Табын-Шөмішті руынан шыққан Асау Барақов Хиуа хандығының билігінде болған. Хиуалықтар қазақ феодалдарының хандықты нығайтудағы маңызын түсініп, оларды қолдау мақсатында жерлермен марапаттаған. Мысалы, Табын руына Шоманай мен Қиятжарған жерлері берілген» деп жазады (Шәлекенов, 1966: 41). Қазақтардың Хиуа хандығының құрамында болғандығын өзге де архивтік деректер растайды: «Хиуа ханы Мұхаммед-Рахымның билігі тұсында 27000 қазақ отбасы бағындырылды. Оның ішінде 10000-ы – Әлімұлы, 7000-ы – Жетіру, 8000-ы – Байұлы руларының өкілдері» (Иванов, 1940: 13). XIX ғасырдың ортасында Хиуа хандығының аумағында 1000-ға жуық Адай руының қазақтары Қоңырат, Көне Үргеніш, Хожелі, Гүрлен жерлерінде өмір сүріп, ханға алым-салық төлеген (Турсынова, 1977: 19). Орыс зерттеушісі А.В. Каульбарстың дерегіне сүйенсек, Амударияның сол жағалауында 5000 киіз үй немесе 25000 қазақ тұрған. Гиршфельд пен Галкиннің мәліметі бойынша, Көне Үргеніштен Хожеліге дейінгі аралықта 17610 қазақ өмір сүрген (Материалы для статистики ..., 1876: 231). Оның ішінде Шымбай учаскесінің 12 болысында 20000 қазақ (жалпы халықтың 22%), Шораханда – 32,8% тұрған (Андрианов, 1958: 94). Сондай-ақ, 1873 жылғы статистика бойынша Амудария бөлімінде 52665 қазақ өмір сүрген. Ол кезде бұл аумақ Түркістан генерал-губернаторлығына қарап Ресей империясы құрамында болған. 1897 жылғы санақ бойынша Амудария бөлімінде қазақтардың үлесі – 26,5% болған (Гиршфельд, Галкин, 1903: 61).

Амудария бөліміндегі өмір сүру жағдайының Хиуа хандығына қарағанда қолайлы болуы қазақтардың бұл өңірдегі санының артуына ықпал етті. XIX ғасырда Хорезм өңіріне қоныстанған Кіші жүз қазақтары Хиуа және ішінара Қоқан хандығымен көршілес болды. XX ғасырдың басында кеңестік билік орнаған соң Амудария округінде этникалық құрам мынандай болды: қарақалпақтар – 39,1%, өзбектер – 30,41%, қазақтар – 22,1%, орыстар – 3,6%, басқалар – қалған бөлігі. Зерттеушілердің жазуынша, қазақтар Хиуа хандығында Хожелі, Көне Үргеніш, Қоңырат бектерінде қоныстанып, бұл аймақтың тұрғындары санының үштен бірін құраған (Қалшабаева, 2011: 29).

Белгілі қарақалпақ тарихшысы Р.Қосбергенов XIX ғасырдың соңындағы Хиуа хандығы халықтарының этникалық құрамын нақты көрсетеді. Оның деректер бойынша қазақтардың жалпы саны – 17610 адам: Көне Үргеніште – 7875, Хожеліде – 3900, Қоңыратта – 5835 адам (Қосбергенов, 1958: 215). Өз кезегінде бұл деректер қазақтардың Қарақалпақстанда сол кезеңдегі жалпы халық санының үштен бірін құрағанын дәлелдейді (Қалшабаева, 2011: 30).

Зерттеудің нәтижелері

XIX ғасырдың соңында қазақтардың дәстүрлі жерлеу рәсімдері жалпы ислам талаптарына сай келетін сипатта болды. Мысалы, неміс саяхатшысы И.Г.Георги XVIII ғасырдағы қазақтардың жерлеу рәсімін былайша сипаттайды: «...қазақтар өз марқұмдарына басқа мұсылмандар сияқты қарайды. Қабірлерді таяз етіп қазады: кейбіреулері қабірдің үстіне тастар үйеді. Егер марқұм ер адам болса, оның ең жақсы киімін жыртып, достарына естелік ретінде бөліп береді. Кейбіреулері оның киіз үйін арнайы белгімен белгілейді және қабірге найза қадайды... Байлар мен атақтылары әулиелердің, бұрынғы хандардың немесе туыстарының мазарына жерленуін қалап, сол жерге көтеріп апарады...» (Российские академические экспедиции XVIII в. ..., 2007: 116).

XIX ғасырдағы қазақтардың еске алу рәсімін Н.Н.Каразин де сипаттаған: «Ауыл қанша қашықтыққа көшсе де, қырғыздар (*қазақтар – авт.*) марқұмдарын міндетті түрде өздерінің ата-бабалар зиратына жерлейді. Кейбір жағдайда марқұмды киізге орап, әкпен сыланған мәйітті жүздеген шақырым жерге дейін жеткізген. Зираттың қасында мынадай жерлеу шеруін көруге болады: алдында – марқұмның мұрагері, үнсіз ойланып атпен келе жатыр. Ол арқасына мылтығын асып, белінде қылыш байланған, ал басына сүйір төбелі жүнді малақай киген; оның артында кілемге ұзын сигара тәрізді оралған мәйіт түйеге артылып тербеліп бара жатады; соңынан туыстары, достары мен таныстары тізіліп шұбатылып келеді, сонымен бірге, құрбандық пен жол азығына арналған қойларды айдап келеді» (Каразин, 1886: 10).

Ф.А.Фиельструп «Из обрядовой жизни Киргизов начала XX века» атты еңбегінде сол кезеңдегі қазақ, қырғыздардағы жерлеу, аза тұту ғұрпын далалық этнографиялық материалдар негізінде жан-жақты сипаттайды. Адам аурудан немесе қарттық жасқа келіп қайтыс болатын уақыты жақындағанда арыздасатындығы туралы жазады. Өсиетін өзі жазатындығы немесе әріп танитын басқа біреуге жаздыратындығын айтады (Фиельструп, 2002: 98). Өсиетінде өзі қайтыс болған соң әруағы риза болуы үшін құрбандыққа шалынатын малдың көлемі мен підияға берілетін малдың көлемі көрсетіледі. Сонымен қатар, мал-мүлкін ұрпақтары арасында бөліп береді. Марқұмның өсиетін «*арыздасу*», «*бақұлдасу*», «*өсиет сөз*» деп те атайды. Ауырып, нашарлап жатқан адам тамақ ішіп, сөзге келетін болса бала-шағасына, жақындарына соңғы сөзін айтады. Соңғы сөзін айта алмай қиналып жатқан адамға молда не үлкен кісілер суға аят оқып, оны қасықпен береді. Бұны «*дем суы*» деп атаған. Ауырып жатқан адам нашарлаған сайын үй ішіндегілерді сыртқа шығарып жіберіп, жөн білетін үлкендерден аз адам қалады. Ол жан тапсырған кезде көзін жауып, жағын таңып, қолдарын тігінен созып, екі аяғының бас бармағын ақ шүберекпен байлайды. Мәйітті үйдің оң жағына құрылған шымылдыққа жатқызады, ал мүмкіндігі бар ауқатты адамдар жеке үй тіккізеді. Сонымен қатар, хал үстінде жатқан кісі өз өсиетінде қайтыс болғаннан кейін сүйегін қайда жерлеу керектігін, сүйегін кімдер ұстайтындығын айтып кететін болған. Өмірде сыйлас болған адамдар, әсіресе бірге өсіп, ғұмыр кешкен кісілер қайсысы бұрын қайтыс болса, тірі қалғаны оның сүйегін ұстайтыны туралы келісіп қойған (Калмаков, 2013:70-71).

Орталық Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі сенімдеріне сәйкес, марқұмды еске алу рәсімдерінің қажеттілігі екі тұрғыдан түсіндірілген: біріншіден, ол – марқұмға деген құрмет көрсету ретінде; екіншіден – жанның мәңгі өмір сүретініне деген сенімге байланысты. Амударияның төменгі ағысын (қазіргі Қарақалпақстан Республикасының аумағы) мекендеген қазақтардың дәстүріндегі еске алу рәсімі – *ас* деп аталады. Астың бес түрі болған: «*Қара асы*» – қаралы (тура мағынасында «*қара*») ас, мәйітті шығару алдында

жерлемей тұрып берілген; «*Жетісі*» – жерлеуден кейін 7-күні өткізілген ас; «*Қырқы*» – жерлеуден кейін 37 немесе 40 күн өткен соң берілген ас; «*Жүзі*» – 97 немесе 100-күні өткізілген ас; «*Жылы*» – жерлеуден кейін бір жылға жуық мерзімде өткізілетін жылдық ас. Аталған бес реттік астарды өткізу бұрын тек марқұмның отбасының ғана емес, бүкіл ел – ру мен қауымның борышы болып саналған. Бұл бес реттік еске алу рәсімі тек ересек адамдарға ғана арналатын, ал балалар үшін тек жерлеу күні берілетін қара ас қана өткізілетін. Бес реттік астың ішінде ең маңызды әрі көп шығын талап ететін түрлері – қара асы мен жылы болатын.

«*Қара ас*» кезінде, әсіресе ауылдық жерлерде, марқұмның туыстары барлық жақын-туыстарына, руластарына және ауыл ақсақалдарына арнайы хабар беретін. Мәресімнен бұрын марқұмның үйінде «*кеңес*» – асқа қатысты жиналыс өткізілетін. Бұл кеңеске ауылдың қадірлі ақсақалдары, марқұмның жақындары, достары және ауыл ішіндегі беделді адамдар қатысатын. Бұл кеңеске қатысу – үлкен мәртебе болып саналады. Кеңесте асты өткізуге қажет шығындар талқыланып, қанша мал сойылатыны, қонақтар үшін қанша қонақ үй дайындалатыны, Құран оқытуға («*Құран шықпа*»), түйінге – дін өкілдеріне, өзге ауылдардан келген туыстарға берілетін сый-сияпатқа қанша қаражат қажет екені, азық-түлік көлемі есептеледі. Сонымен бірге, кеңес отырысында қонақтар отыратын үйді және қызмет көрсететін адамдарды – аспаздарды, хабаршыларды (шақырушы) және т.б. тағайындайтын. Марқұмның отбасы бұл кеңесте айтарлықтай шешуші рөл атқармайды. Егер шара кезінде бірдеңе жетіспей қалса, кеңес мүшелері басқа біреуден қарыз алып, оны өтеу жауапкершілігі марқұмның отбасы мен руластарына (жақын туыстарына) жүктелетін. Кеңес мүшелерінің міндеттері тек ас дайындаумен шектелмейді. Олар – отағасы, кеңес тағайындаған жасы үлкендер, сондай-ақ олардың көмекшілері – салт-дәстүрді жақсы білетін абысындары жерлеу мен еске алу рәсімдерінің барлық кезеңін басқарған.

Марқұмды жерлеу және еске алу рәсімдерінде әйелдердің рөлі ерекше әрі маңызды болған. Әйелдер – жесір мен марқұмның туыстары жоқтау айтумен, мәйітті жерлегенге дейін оның жанында болумен, ал жерлеуден кейін «*түлеу*» рәсімін – марқұмның орнын ауыстыратын ритуалды тұлғаны күтумен айналысқан (Стасевич, 2011: 74).

Қазіргі кезеңде Қарақалпақстан қазақтарында адам қайтыс болғаннан кейін әйелдер жесірдің үйіне жиналып, оның шашын жинап, жаулығын қайта кигізеді. Жесір әйел бұл кезде жылап жоқтау айтып отырады. Мәйіт үйде болған кезде бірқатар дәстүрлі ғұрыптар жасалады: айналар, фотосуреттер (портреттер) жабылады, судың, тамақтың беті жабылады. Сонымен қатар, бұл үйде үш күн бойы тамақ жасалмайды [Бижанова, 2005: АДМ, №11].

Адамның қайтыс болғанын алғашқы болып әйел кісі дауыс шығарып, бұл қайғылы хабарды жария еткен. Бұл жағдайды зерттеуші Е.Ковалев әйелдердің мәйіт жанындағы кейпін былай сипаттайды: «...бәрінің (жесірі мен қарындасы) түрлері үрейлі: қап-қара шаштары ұйпа-тұйпа, бастары – жесірінікі – қара орамалмен, қарындасынікі – ақ орамалмен жабылған. Жібек шапандар мен ақ көйлектері қарын тұсына дейін жыртылған; беттері мен омыраулары тырнанып, қаны қара жолақ болып қатып қалған. Олар көзімен айналасына телміре қарап, денесін ары-бері шайқап, беті мен қолын тырнап, адам шошырлық үнмен жоқтау айтатын» (Ковалев, 1894: 304–309).

Жерлеу күніне дейін әйелдер – жесір мен туыстары – ұйықтамай, тіпті кейде тамақ та ішпей мәйіттің жанында отырған. «*Бет жырту*» – жесірдің өз бетін, қолын, омырауын тырнауы – XIX–XX ғасырдың басындағы этнографтар тарапынан ең экзотикалық әрі есте қаларлық ғұрып ретінде бірнеше рет сипаттаған (Алтынсарин, 1870: 117-122; Ибрагимов, 1872: 120-152; Даулбаев, 1881: 98-118; Катанов, 1894: 34).

Қарақалпақстанды мекендеген қазақтарда марқұмның достары мен жақын туыстары асқа барғанда, әдетте, «*ас малы*» деп аталатын мал, азық-түлік немесе ақша апаратын болған. Бұл қаражат және мүлік ас беру шығындарының бір бөлігін өтеуге арналған. Сонымен бірге, жақындары өздерімен бірге дастарқанға оралған дайын тамақ – «*дастарқан*» алып келетін, оған көбінесе мата мен ақша да қоса берілген. Асқа келген қонақтарды белгіленген тәртіппен

орналастырған: қарияларға, жасы үлкен ер адамдарға, туыстарға, жастарға, әйелдер мен балаларға, дін өкілдеріне жеке-жеке үй немесе бөлме бөлінетін. Егер қандай да бір топтың саны көп болса, оларға бірнеше орын берілген. Қонақтарды орналастыру және қонақасы ұсыну көбінесе рулық-жекжаттық қағида бойынша жүзеге асырылған.

Ас мәзірінде әртүрлі қонақ топтарына арнайы ет мүшелерін беру салты қатаң сақталатын. Дін өкілдеріне және марқұммен туыстық жақындығы бар адамдарға – сойылған малдың басы мен тоқ жілігін, құрметті қонақтарға – жамбасын, сондай-ақ, омыртқа мен қабырғасы берілген. Барлық ет 12 бөлікке бөлініп, әр қонақтың мәртебесіне қарай ұсынылған (әр аяқ – үш бөлікке бөлінеді). Әр бөлмеде «*күртік*» немесе «*бесбармақ*» ең алдымен төрде отырған құрметті қонақтарға тартылады. Қойдың басы салынған бас табақ ең алдымен жасы үлкен немесе дін өкіліне беріліп, ол көзін немесе құлағын кесіп алып, басқаларға берген. Табақтағы бастан әр адам кішкене бөлігін алып, кейін бас табақ иесіне – ас берушіге қайтарылатын. Қалған ет ұсақталып, оның бір бөлігі «*сарқыт*» ретінде бөлінетін, яғни табақ бос қайтпауы керек. «*Сарқыт*» қазақтар мен қарақалпақтар арасында кең таралған, оның емдік күші бар деп сеніп, оны жеген адамның денсаулығы жақсарады деп есептеген (Есбергенов, 1963: 35; Бижанова, 2001: 11).

Қарақалпақстан қазақтарның еске алу асында тән ерекшеліктердің бірі – қой етінен пісірілген «*жүгері күртік*» (жүгеріден жасалған ботқа) ұсынылуы. Қонақтар мол дастарқаннан дәм татқан соң, үнсіз тарасатын, оларды шығарып салу әдетке жат саналатын. Астан кейін үйлеріне кететін қонақтарға олардың марқұмға қаншалықты туыстығы жақындығы және асқа әкелген сыйларының құндылығына қарай, абысындар арнайы сыйлық – «*жыртыс*» тарататын. Ер адамдарға марқұмның киімінен берілсе, әйелдерге орамалдарға түйілген ақша, мата, сондай-ақ, бауырсақтар мен басқа да азық-түлік берілетін.

Қара асы аяқталғаннан кейін, ас беруші отбасы Құран шығару немесе «*хатым*» оқу үшін бірнеше дін өкілін қалдыратын. Оларға Құран оқығаны үшін ақша немесе мал беріледі. Қазақ халқының Құранмен байланысты «*хатым*» ұғымына негізделген салт Қазақстан қазақтарында марқұмды еске алу дәстүрінде бар. Мысалы, Шығыс Қазақстанда, Павлодар өңірінде, «*хатым*» – адамды еске алу рәсімі ретінде сақталған (Октябрьская, Сураганова, 2011: 195-197). Бұндай шара төмендегідей рәсімдер кешенін қамтиды: құрбандық мал шалу (көбіне қой шалынады); қонақасы беру (міндетті түрде ыстық тағам – ет, оған қосылған жұқа жайылып, ет сорпасында піскен қамыр – нан, пияз қосылған тұздық, сонымен қатар майға қуырылған ашытылған немесе ашытылмаған қамырдан жасалған нан); Құран бағыштау – марқұмның рухына дұға бағыштау.

Орталық Қазақстанда «*хатым*» ұғымы Құранды толық оқу түсінігімен тығыз байланысты, яғни, марқұм қайтыс болған күннен бастап қырқыншы күнге дейін Құранды толық оқу дәстүрі бар. Бұл ислам қағидаларына сәйкес келеді және «*Құранды аудару/шығару/түсіру*» деп аталады (Қазақ тілінің..., 2008: 367). Орталық Қазақстанда «*хатым*» – дербес рәсім ретінде жоқ, бірақ қырқына дейін Құранды толық оқу дәстүрі берік қалыптасқан. «*Хатым Құран*» – бұл марқұмға бағышталып, Құранды толық оқу арқылы марқұмның рухына борышты өтеу ретінде түсіндіріледі (Қазақ тілінің..., 2008: 371). «*Хатымның*» аяқталуына арналған қонақасы да ұйымдастырылады. «*Хатым Құран*» түнгі уақытта да оқылады, өйткені қырқына дейін марқұмның үйінде шам жағылып, кәрі адамдар шақырылып, жұма мен бейсенбіде арнайы дұғалар (жұмалық) оқылады. Осы 40 күн бойы үйдегі шам сөндірілмейді, себебі марқұмның жаны тірілермен бірге болады деп сенген.

Осылайша марқұмға арналған алғашқы ас – «*қара асы*» аяқталатын. Екінші ас – «*жетісі*», ол марқұм жерленгеннен кейін алтыншы немесе жетінші күні өткізілетін. Бұл күні де шараға қонақтар үшін мал сойылып, Құран оқылып, молдаға ақы берілетін. Сондай-ақ, марқұмның денесін жуған туыстарына, яғни «*сүйекшілерге*», киім үлестірілетін. Дәстүр бойынша марқұмның өзі киген киімі таратылады, алайда қазіргі таңда марқұм кимеген жаңадан алынған киімдер және маталар үлестіріледі. Қазақ сенімінде, марқұмның барлық

киімі таратылуы тиіс, тек бас киімі үйде қалып, балаларына немесе немерелеріне сақталып берілетін. Қарақалпақстан қазақтары дүниеден өткен адамды үшінші күні жерлеген, бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталып келе жатыр. Себебі, ежелгі түсінік бойынша, қайтыс болған адамның жаны бірінші күні үй ішінде, өз айналасында ұшып жүреді, екінші күні шаңыраққа қонады, ал үшінші күні көк тәңірге аттанады деп түсінген [Бижанова, АДМ, №9, 2000].

Марқұмға арналған «жетісі» салтанатты түрде өтпейтін, «қара аспен» салыстырғанда ол шағын болып, оған негізінен тек туыстары ғана шақырылатын. Көлемі мен мәні жағынан аса маңызды рәсімдері – «қырық күндігі» (қырқы, жерлеуден кейінгі 37 немесе 40-күні), және «жүзі күндігі» (97 немесе 100-күні) болатын. Ең ауқымды әрі салтанаттысы – жылдық асы – «жылы». «Жылы» марқұмды жерленгеніне бір жыл толуына азғантай күн қалғанда өткізіледі.

XIX ғасырдың соңындағы Қарақалпақстандағы қазақтардың марқұмның жылына арналған шарасы туралы дерек сақталған: 18 жасар жігіттің жылдық асы оның әкесі Боқаштың ұйымдастыруымен той сияқты өткізген. Бұл аста күрес, бәйге өткізілген, бәйгенің бас жүлдесіне 100 жылқы тігілген. Қонақтар үшін 100 киіз үй тігілген, әр үйге 9 адамнан орналастырылып, бір-бір қойдан сойылған. Жас жігіт Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы Дәуіт-ата зиратында жерленген (Бижанова, 2008: АДМ, №18). Осыған ұқсас салттар қарақалпақтарда, Ташкент өңірі өзбектерінде, Қаратегін және Зеравшан тауларының тәжіктері кездеседі. Марий халқында егер тұрмыс құрмаған бойжеткен қайтыс болған жағдайда, онда қызды қалыңдықтың киіміне киіндіріп жерлеген, ал оның жасауы тойдағыдай үйдің ішіне ілінген. Сондай-ақ, қайтыс болған үйленбеген жігіттер де үйлену тойында киінетін киімінде жерлейтін болған (Есбергенов, 1989: 72). Дәл осындай салттар ортағасырларда Амудария бойы халықтары арасында да болғаны туралы мәліметтер бар. Этнограф Х.Есбергенов XX ғасырдың 60-жылдары жинаған далалық материалдарында Мазлұмхан Сұлуды жерленер алдында келіндей киіндірілгені туралы жазылған (Есбергенов, 1989: 67).

Біздің далалық зерттеу деректерімізге қарағанда, қайтыс болған үйленбеген жігіттер мен бойжеткен қыздар үшін олардың «о дүниеде жалғыз қалмауы» керек деп «үйлену тойы» сипатты ас жасалатын болған. Егер бұрынғы зерттеушілер олардың тек неке киімін ғана атап өтсе, қазіргі деректер бойынша мұны толыққанды неке рәсімі ретінде қарастыруға болады.

Қарақалпақстан қазақтарында өмірден өткен беделді қарт қарияның немесе қарт кемпірдің жылдық асы той ретінде аталып, үлкен мерекелік сипатқа ие болған. Мұндай шараларда күрес, бәйге, серке тарту (көкпар) ұйымдастырылып, жүлдеге түйе, жылқы және қой берілетін. Сондай-ақ жыраулардың термелері тыңдалып, шараға қатысқан қарттарға түйіншік (ақшасы бар түйін), киімдер мен бағалы заттар таратылған. Жылдық ас мәресімі өткен соң марқұм отбасының мүшелері үшін қаралы кезең және соған қатысты тыйымдар аяқталған. Марқұмды жоқтаған туыстары өздерінің қаралы киімдерін жинап, зиратқа апарып өртеген. Егер марқұмның бойжеткен қызы болса, ол жылдық асынан кейін тұрмыс құруына, ал үйленбеген ұлына үйленуіне рұқсат берілген (Бижанова, 2015: АДМ, №24).

Бес мәрте ас беру дәстүрі тек қазақтарға ғана тән емес, ол Орталық Азия халықтарында, сонымен қатар алтайлықтарда, сағайларда (хакастар), голдтарда (нанайлар), славян халықтары – орыстарда, украиндарда, белорустарда, Солтүстік Кавказдың кейбір халықтары – осетиндерде, құмықтарда және басқа да этностар мен дін өкілдерінде де кездеседі (Есбергенов, 1963: 37; Таджикі ..., 1970: 156-157). Сондай-ақ, марқұмды еске алып ас беру және оның киімін тарату дәстүрінің кейбір ұқсастықтарын Еділ (Волга) бойындағы фин-угор халықтарынан да байқауға болады. Мәселен, марий ауылдарында марқұмның қырқына киімін киген денесін жуған адамға табыстау салты болған (Федянович, 1993: 222; Дроздова, 2007: 17). Фин-угор және түркі халықтарының этномәдени байланыстарының ұқсастығы туралы Т.Жданко еңбектерінде кездестіруге (Жданко, 1971: 173).

Қазақтар мен қарақалпақтар марқұмды еске алу шараларын өткізуін, оның аруағы бір жыл бойы өз үйінде болатындығымен, егер оны еске алу шараларын дұрыстап өткізбесе ол қиналатындығымен түсіндірген. Ас беру, қонақтарды тойдыру арқылы, марқұмның аруағын

«тойдыру» мақсаты көзделген. Себебі, қонақтың тойғаны – аруақтың тойғаны деп есептелген. Этнограф А.Бижанованың пікірінше, бір жыл ішінде марқұмға арнап бес мәрте ас беру адамның өміріндегі негізгі кезеңдермен байланысты: алғашқы асы – адамның дүниеге келгенінің бірінші күнін еске алуы; екінші асы – адам өмірінің жетінші күнінде оның санасының оянуы; үшінші асы – Құдай Пайғамбар Мұхаммедті қырық күнде жаратылғанына сенімі; төртінші асы – адам баласының өмірінде жүзінші күні өз әке-шешесін танып күле бастайтыны; бесінші асы – адамның бір жасқа толғанда яғни жүріп, сөйлей бастағанда ол өмірге толық аяқ басады деген сенімі. Ерте өмірден озған балаларға бес мәрте ас берілмеуінің себебі – олардың жан дүниесі өмірдің барлық кезеңдерінен өтпей, қайта туылмайтыны туралы түсінік болуы мүмкін (Бижанова, 2021: АДМ, №47). С.А.Плетневаның пікірінше, ежелгі түркілерде жерлеу ғұрпының идеясы біріншіден, әр адамның жаны бар екендігіне сенімділікпен; екіншіден бұл жан өлгеннен кейін адамның тірі кезінде болған қоршаған ортаны қажет етеді деген түсінікпен байланысты болды (Плетнева, 1990: 31-32).

Адамзаттың дәстүрлі өміртанымда жақсы және жаман рухтар бар деген түсінік қалыптасқан: жақсы рухтарға – періштелер мен аруақтар, ал жаман рухтарға – жын, албасты және жезтырнақ кіреді. Қазақ халқы көне дәуірлерден аруақты, ата-баба рухын құрметтеген халық. Оның көріністерін бүгінгі күні халқымыздағы толықтай мұсылман дініндеміз деп мойындағанымен синкретті түрде оған дейінгі күнге, отқа, тәңірге табынуға және аруақты құрметтеуге қатысты наным сенімдерінен байқаймыз. Оған қатысты көптеген мысалдар мен дәйектер күнделікті тұрмысымызда да көрініс тапқан. Мәселен келін түскенде отқа май құю, отты құрметтеу, тәңірді ауызға алып сиыну және жұма күні жеті шелпек пісіріп иіс шығару сияқты көптеген мысалдарды келтіруге болады.

Қарақалпақстан қазақтары да ата-баба аруақтарын киелі тұтқан, олардың жерленген жеріне барып зираттаған, садақа берген. Бұндай дәстүр Мысалы, тувалық бақсылар да қазақтар секілді аруақтардың көмегіне жүгінетін болған (Досмурзинов, 2023: 32). Зиян келтіретін рухтар туралы тувалықтардың сенімін Н.Ф.Катанов былай сипаттайды: «...жын-шайтандардың ішінде адамдарға жиі зиян тигізетіндер – аза, албыс, чулбус. Аза кейде адам, кейде түлкі, кейде жел кейпінде көрініп, адамды шатастырып жібереді. Егер үш рет түкірсең, зиян келтірмейді» (Катанов, 2002: 42). Қазақ фольклорында да жел – тылсым күш ретінде көрініс табады. Мысалы, Ш.Уәлиханов: «...Қырғыздар (қазақтар) дауылды кездестіргенде: тфу, тфу, тфу – деп үш рет түкірген», – деп жазған (Уәлиханов, 2007: 88). Бақсылық (шамандық) негізінен түркі халықтарында о дүниелік болған ата-баба аруағына табынуға байланысты шыққан. Осы тұста Ш.Уәлихановтың діни сенімдердің дамуы жайлы пікірін жалғастыруға болады: «...Бақсылық табиғатты құдай тұтты. Адам өзінен үстем деп, аспанға, күн мен айға табынды. Бірақ ол тек тірі кезінде болған, ал өлген соң адам аруаққа айналып, ол енді өзі басқаларды қорғаушы рухқа айналды. Рухтың жағдайы туған-туыстарының оны қалай еске алғанына байланысты болған: егер жақсы еске алса (*жоғарыда айтылған еске алу шаралары*) – онда ол қорғайды, ал егер жаман қараса – онда зиян келтіреді» (Уәлиханов, 2007: 74). Бұл пікірді тувалықтардың наным-сенімдерін зерттеген Д. Каррутерс те растайды: «...Урянхайлықтар мен басқа шаманистік халықтар арасында ата-баба аруағына табыну әртүрлі формада көрініс табады» (Каррутерс, 2002: 74).

Жоғарыда аталған ата-бабаға табыну анимизм және тотемизм сенімдерімен тығыз байланысты. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетінде Абылай хан мен Жидебай батыр арасындағы болған диалог туралы аңыз сақталған. Бұл аңызда, хан Абылай хан биік тауда тұрып, Жидебай батырдан: «Маған аруағыңды көрсет», – деп сұрайды. Жидебай ханның тау биігінде тұра беруін сұрап, өзі төменге түседі. Осы сәтте Абылай хан қасында қызыл түлкіні байқайды, артынша сары бүркіт пайда болып, түлкіге шүйлігеді. Абылай хан бұл көріністі Жидебайға баяндап береді. Сонда Жидебай: «Қызыл түлкі – менің аруағым, ал сары бүркіт – сіздің аруағыңыз. Демек, сіздің аруағыңыз менікінен күшті екен», – дейді (Потанин, 2007: 141; Жанайдаров, 2014: 48).

Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқы ежелден аруақты сыйлап, құрметтей білетін, «өлі разы болмай, тірі байымайды» – дейтін халық. Ерте замандардан мәйітті жай ғана жерлей салмай, қоштасып, ақіреттік заттарымен бірге салтанатпен шығарып салған. Қазақ халқының жерлеу рәсіміне әрине ислам дінінің әсері болды. Дегенмен, шариятқа қайшы келмейтін жерлерін, сол қалпында қалдырып, ислам дініне лайықтауға тырысты. Аруақтың раизашылығы үшін, жылына дейін үшін, жетісін, қырқын, жылын беріп, әрдайым Құран оқытып, Құдайы ас беріп отырған.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған материалдардан байқағанымыздай, марқұмды жерлеу мен еске алу салттары уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, кейбір элементтері дамып, жаңалары қалыптасты, ал кейбіреулері жойылып, ұмыт бола бастаған. Бұл үдеріс дәстүрлі салттардың мәндік мазмұнының да уақыт өте қайта ұғынылуына алып келді. Адамның бұл дүниеден бақилыққа аттануына байланысты сақталып келе жатырған консервативті сипатта атқарылатын дәстүрлі рәсімдерге қарамастан көне сипаттарынан біртіндеп айырыла басталғанын көруге болады. Салт-дәстүрлеріміздің өзгеруі біздің қоғамдық құрылымындағы, дүниетанымындағы, моральдық-этикалық қағидаттарындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Қазіргі таңда елімізден жат жерлерді мекендейтін қазақтардың ертеден сақталған дәстүрлері мен мәдени мұрасына қызығушылықтың артуына байланысты салт-дәстүрлерге деген көзқарас қайта жаңғыруда. Бұл жағдай қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін тереңірек зерттеуге, этнографиялық және тарихи-мәдени талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғарыдағы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ халқының дәстүрлері ең көп сақталған саласы – марқұмға ас беруге қатысты рәсімдері. Бұндай шаралардың негізінде өлім, жанның бақилық өмірге өтуі, аруаққа сенуі секілді ұғымдар мен ата-баба аруағына табыну культі жатыр. Бұл сенімдер мен түсініктер қазақ халқының дүниетанымының ажырамас бөлігі болып табылып, дәстүрлі мәдениеттің сақталуында маңызды әрі шешуші рөл атқарады.

Әдебиет:

- Алтынсарин И. Очерк обычаев при похоромах и поминках киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО РГО. 1870. Вып. I. С. 117-122.
- Андрианов Б.В. Этническая территория каракалпаков в Северном Хорезме // Труды Хорезмской экспедиции. – М., 1958. – Т. III. – С. 94 - 136.
- Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. – Алматы: Рауан, 1992. – 128 с.
- Бижанова А.Е. Семейно-бытовые обряды казахов низовьев Амударьи конец XIX – начало XX вв. // Автореф. дисс. к-та истор. наук. – Нукус, 2001. 27 с.
- Валиханов Ч. Ч. Этнографическое наследие казахов. – Астана: Алтын кітап, 2007. с. 88.
- Гиршфельд и Галкин. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса. – /составлено Генеральным штабом капитана Гиршфельда. Переработано начальником Амударьинского отдела генерал-майором Галкиным. – Ташкент: Военная типография, 1903. – Ч. 2. – 214 с.
- Даулбаев Б. Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области, с 1830 по 1880 гг. // ЗОО РГО. 1881. Вып. IV. С. 98-118.
- Досмурзинов Р.К. Реликты анимизма в традиционных верованиях казахского и тувинского народов (конец XIX – начало XX вв.): сравнительный анализ // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. № 1(142)/2023. С. 32. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-26-43>.
- Дроздова Г. И. Погребальный обряд народов Волго-Камья XVI-XIX веков по археологическим и этнографическим материалам. / Автореф. дис. к-та истор. наук / – Казань, 2007. – 30 с.

Есбергенов Х. К вопросу о борьбе с пережитками обычаев и обрядов / Советская Этнография. 1963, №5. С. 35.

Есбергенов Х. Вопросы этнической истории и традиционной культуры каракалпаков// Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. –Нукус. 1989. С. 72.

Жанайдаров О. К. Сто легенд казахской земли. – Алматы: Общественный фонд «Сораба», 2014. – с. 48.

Жданко Т.А. О близости некоторых исторических традиции у каракалпаков и башкир. // Археология и этнография Башкирии. – Уфа. 1971. Т. 4. С. 173.

Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. Вып. 2. М.: Университетская тип. (Катков и Ко.), 1872. С. 120-152.

Иванов П.П. Архив Хивинских ханов XIX в. Исследование и описание документов с историческими введением. Новые источники для истории народов Средней Азии. – Л.: Изд-во Государственной публичной библиотеки, 1940. – 289 с.

Калмаков Н. Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области // В кн.: Классические исследования. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 14. – С. 151-156.

Калшабаева Б.К. Некоторые аспекты формирования казахской диаспоры Каракалпакстана и проблемы адаптации репатриантов// Матер. Межд. науч. конф. «Этнография Алтая и сопредельных территорий». Вып. 8, Барнаул, 2011. С. 28-31.

Каразин Н.Н. От Оренбурга до Ташкента. Путевой очерк. – СПб. 1886. – 15 с.

Каррутерс Д. Неведомая Монголия (1914) // Традиционная культура тувинцев глазами иностранцев (конец XIX – начало XX века). – Кызыл: Тувинское книжное издательство. – 2002. с. 160.

Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен Центральной и Восточной Азии. – Казань: типолит. Имп. университета, 1894. 34 с.

Катанов Н. Ф. Среди тюркских племен (1893) // Традиционная культура тувинцев глазами иностранцев (конец XIX – начало XX века). – Кызыл: Тувинское книжное издательство. – 2002. с. 42.

Ковалев Е.П. Похороны у каракиргизов (из путевого дневника) // Православный благовестник. 1894. Т. 1.11, № 22. С. 304-309.

Косбергенов Р.К. Положение каракалпакского населения в Хивинском ханстве в конце XIX-начале XX в. – // Труды Хорезмской экспедиции - М.: Наука, 1958. - Т.III. – С. 215-296.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 968 б.

Материалы для статистики Туркестанского края. - СПб.: Изд-во Туркестанского статистического комитета, 1876. – Вып. 4. – 206 с.

Октябрьская И.В., Сураганова З.К. Поминальные практики казахов: традиции и современность // «Сибирь на перекрестье мировых религии». – Новосибирск, 2011. С. 195-197.

Потанин Г. Н. Труды по этнографии и фольклору. – Т. 6. – Астана: Алтын-кітап, 2007. – с. 141.

Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990. – 208 с.

Российские академические экспедиции XVIII в. об этнографии казахов. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 240 с.

Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. – СПб.: Наука, 2011. – 202 с.; ил.

Таджики Каратегина и Дарваза. //АН Тадж ССР, Институт Истории им. А.Дониша, вып. 2. / под ред. Н.А.Кислякова и А.К.Писарчик. – Душанбе. 1970. 313 с.

Турсынова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 180 с.

Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Аму-Дарьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII - XX вв. – Ташкент: Фан, 1966. – 336 с.

Федянович Т.П. Похоронные и поминальные обряды финно-угорских народов Среднего Поволжья // Похоронно-поминальные обычаи и обряды. – Москва. 1993. С. 222.

Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. – М.: Наука, 2002. – 300 с.

References:

Altynsarin İ. Ocherk obychaev pri pohoronah i pominkah kirgizov Orenburgskogo vedomstva // ZOO RGO. 1870. Vyp I. S. 117-122.

Andrianov B.V. Etnicheskaia teritoria karakalpakov v Severnom Horezme // Trudy Horezmskoi ekspeditsii. – M., 1958. – T.III. – S. 94 - 136.

Beketov B. Qaraqalpaq qazaqtarynyñ tılı. – Almaty: Rauan, 1992. – 128 s.

Bijanova A.E. Semeino-bytovye obrädy kazahov nizovev Amudari kones XIX – nachalo XX vv. // Avtoref. disc. k-ta istor. nauk. – Nukus, 2001. 27 s.

Valihanov Ch. Ch. Etnograficheskoe nasledie kazahov. – Astana: Altyn kitap, 2007. s. 88.

Girşfeld i Galkin. Voeno-statisticheskoe opisanie Hivinskogo oazisa. – /sostavleno Generäl'nym ştabom kapitana Girşfelda. Pererabotano nachäl'nikom Amudarinskogo otdela general-maiorom Galkiny'm. – Taşkent: Voennaia tipografia, 1903. – Ch. 2. – 214 s.

Daulbaev B. Rasskaz o jizni kirgiz Nikolaevskogo uezda Turgaiskoi oblasti, s 1830 po 1880 gg. // ZOO RGO. 1881. Vyp. IV. S. 98-118.

Dosmurzinov R.K. Relikty animizma v tradisionnyh verovaniakh kazahskogo i tuvinskogo narodov (kones XIX – nachalo XX vv.): sravnitel'nyi analiz // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetinñ HABARŞYSY. Tarihi ğylymdar. Filosofia. Dıntanu seriesy. 1(142)/2023. S. 32. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-26-43>.

Drozdova G. İ. Pogrebäl'nyi obräd narodov Volgo-Kämä XVI-XIX vekov po arheologicheskim i etnograficheskim materialam. / Avtoref. dis. k-ta istor. nauk / – Kazän, 2007. – 30 s.

Esbergenov H. K voprosu o börbe s perejtkami obychaev i obräдов / Sovetskaia Etnografia. 1963, №5. S. 35.

Esbergenov H. Voprosy etnicheskoi istorii i tradisionnoi kültury karakalpakov// Etnicheskaia istoria i tradisionnaia kültura narodov Srednei Azii i Kazahstana. –Nukus. 1989. S. 72.

Janaidarov O. K. Sto legend kazahskoi zemli. – Almaty: Obşestvennyi fond «Soraba», 2014. – s. 48.

Jdanko T.A. O blizosti nekotoryh istoricheskikh traditsii u karakalpakov i başkir. // Arheologia i etnografia Başkirii. – Ufa. 1971. T. 4. S. 173.

İbragimov İ.İ. Etnograficheskie ocherki kirgizskogo naroda // Ruski Turkestan. Vyp. 2. M.: Universitetskaia tip. (Katkov i Ko.), 1872. S. 120-152.

İvanov P.P. Arhiv Hivinskih hanov HİH v. İssledovanie i opisanie dokumentov s istoricheskimi vvedeniem. Novye istochniki dlä istorii narodov Srednei Azii. – L.: İzd-vo Gosudarstvennoi publichnoi biblioteki, 1940. – 289 s.

Kalmakov N. Nekotorye semeinye obychai kirgizov severnyh uezdov Syr-Darinskoi oblasti // V kn.: Klasicheskie issledovania. – Almaty: Ädibiet älemi, 2013. – T. 14. – S. 151-156.

Kalşabaeva B.K. Nekotorye aspekty formirovaniia kazahskoi diaspory Karakalpakstana i problemy adaptatsii repatriantov// Mater. Mejd. nauch. konf. «Etnografia Altaia i sopredelnyh teritorii». Vyp. 8, Barnaul, 2011. S. 28-31.

Karazin N.N. Ot Orenburga do Taşkenta. Putevoi ocherk. – SPb. 1886. – 15 s.

Karruters D. Nevedomaia Mongolia (1914) // Tradisionnaia kültura tuvinsev glazami inostransev (kones XIX – nachalo XX veka). – Kyzyl: Tuvinskoe knijnoe izdatelstvo. – 2002. s. 160.

Katanov N.F. O pogrebäl'nyh obräдах u türkskih plemen Senträlnoi i Vostochnoi Azii. – Kazän: tipolit. İmp. universiteta, 1894. 34 s.

- Katanov N. F. Sredi türkских племен (1893) // Tradisionnaia kultura tuvinsev glazami inostransev (kones XIX – nachalo XX veka). – Kyzyl: Tuvinskoe knijnoe izdatelstvo. – 2002. s. 42.
- Kovalev E.P. Pohorony u karakirgizov (iz putevogo dnevnika) // Pravoslavnyi blagovestnik. 1894. T. 1.11, № 22. S. 304-309.
- Kosbergenov R.K. Polojenie karakalpakskogo naselenia v Hivinskom hanstve v konse XIX – nachale XX v. – // Trudy Horezmskoi ekspedicii - M.: Nauka, 1958. - T.III. – S. 215-296.
- Qazaq tiliniñ tüsinderme sözdigi / Jalpy redaksiyasyn basqarğan T.Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2008. 968 b.
- Materialy dlä statistiki Turkestanskogo kraia. - SPb.: İzd-vo Turkestanskogo statisticheskogo komiteta, 1876. – Vyp. 4. – 206 s.
- Oktiabrskaja İ.V., Suraganova Z.K. Pominälnye praktiki kazahov: tradicii i sovremenöst // «Sibir na perekreste mirovyh religii». – Novosibirsk, 2011. S. 195-197.
- Pletneva S.A. Polovsy. – M.: Nauka, 1990. – 208 s.
- Potantin G. N. Trudy po etnografii i folkloru. – T. 6. – Astana: Altyn-kitap, 2007. – s. 141.
- Rosiskie akademicheskie ekspedicii XVIII v. ob etnografii kazahov. – Astana: Altyn kitap, 2007. – 240 c.
- Stasevich İ.V. Sosiälnyi status jenşiny u kazahov: tradicii i sovremenöst. – SPb.: Nauka, 2011. – 202 s.
- Tajiki Karategina i Darvaza. //AN Taj SSR, Institut İstorii im. A.Donişa, vyp. 2. / pod red. N.A.Kisläkova i A.K.Pisarchik. – Duşanbe. 1970. 313 s.
- Tursynova M.S. Kazahi Mangyşlaka vo vtoroi polovine XIX veka. – Alma-Ata: Nauka, 1977. – 180 s.
- Şalekenov U.H. Kazahi nizovev Amu-Dari. K istorii vzaimootnoşeni narodov Karakalpakii v XVIII - XX vv. – Taşkent: Fan, 1966. – 336 s.
- Fedianovich T.P. Pohoronnye i pominälnye obrädy fino-ugorskih narodov Srednego Povöljä // Pohoronno-pominälnye obychai i obrädy. – Moskva. 1993. S. 222.
- Fielstrup F.A. İz obrädrovoi jizni kirgizov nachala XX veka. – M.: Nauka, 2002. – 300 s.

¹Бижанова А.Е. ²Калменов М.Д.,

^{1,2}*Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан*
E-mail: ¹aalyika@mail.ru, ²kalmenoff@mail.ru

ТРАДИЦИОННАЯ ПОМИНАЛЬНАЯ ОБРЯДНОСТЬ КАЗАХОВ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХОВ СРЕДНЕЙ АЗИИ)

Аннотация. Данная статья посвящена изучению традиционной поминальной обрядности казахов низовья Амударьи (современная территория Республики Каракалпакстан). В качестве источников использованы данные полевых этнографических исследований (Кунградский, Ходжейлийский, Шуманайский, Нукусский районы Республики Каракалпакстан) и материалы исследователей, занимающихся вопросами поминальных традиций. Авторы проводят сравнительный анализ таких процедур с традициями казахов Казахстана. Внимание сосредоточено на изменениях в поминальном обряде, происшедших за последние 200 лет и связанных с кардинальной трансформацией традиционного кочевого общества. Свои выводы о специфике поминок автор подтверждает рассуждениями о ритуалах погребально-поминальной обрядности. Несмотря на глобальные изменения в культуре поминальная практика остается одной из самых устойчивых традиций в культуре казахов.

Ключевые слова. Каракалпакстан, Казакстан, Казахи, погребально-поминальный обряд, поминальные торжества, Коран.

¹Bizhanova A.E. ²Kalmenov M.D.

^{1,2}West Kazakhstan Innovation and Technology University,
Uralsk, Kazakhstan.

E-mail:¹aalyika@mail.ru, ²kalmenoff@mail.ru

TRADITIONAL FUNERAL RITUALS OF THE KAZAKHS (ON THE EXAMPLE OF THE KAZAKHS OF CENTRAL ASIA)

Annotation. This article is devoted to the study of the traditional funeral rites of the Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya (the modern territory of the Republic of Karakalpakstan). Data from field ethnographic research (Kungrad, Khojeyli, Shumanai, and Nukus regions of the Republic of Karakalpakstan) and materials from researchers dealing with issues of funeral traditions were used as sources. The authors conduct a comparative analysis of such procedures with the traditions of the Kazakhs of Kazakhstan. Attention is focused on changes in funeral rites that have occurred over the past 200 years and are associated with a radical transformation of traditional nomadic society. The author confirms his conclusions about the specifics of wakes with discussions about the rituals of funeral and memorial rites. Despite global changes in culture, funeral practice remains one of the most stable traditions in Kazakh culture.

Keywords. Karakalpakstan, Kazakhstan, Kazakhs, funeral and memorial rites, memorial celebrations, Koran.

Авторлар туралы мәлімет:

Бижанова Алия Ермековна, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Калменов Мурат Дабылович, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Бижанова Алия Ермековна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета, Уральск, Казахстан.

Калменов Мурат Дабылович, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета, Уральск, Казахстан.

Information about the authors:

Bizhanova Aliya Ermekovna, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the West Kazakhstan Innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan.

Kalmenov Murat Dabylovich, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the West Kazakhstan Innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan.